**"Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 29 қазандағы N 152-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2009 жылғы 29 қазандағы
N 152-ө өкімімен
бекітілген

**"Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі**

| Р/с N | Нормативтік құқықтық актінің атауы | Аяқтау нысаны | Орындауға жауапты мемлекеттік орган | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы қаржы мониторингі субъектілерінің сақтауын бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың қаржы мониторингін жүзеге асыру үшін қажет ақпаратты беру ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Қаржымині (жинақтау), Әділетмині, ТСМ, ИСМ, ҚҚА (келісім бойынша), ҰБ (келісім бойынша) | 2010 жылғы қаңтар |
| 2. | | | | 2010 жылғы қаңтар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Уәкілетті органның сұрауы бойынша мемлекеттік органдардың жеке ақпараттық жүйелерінен мәліметтерді беру ережесін және олардың көлемін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Қаржымині (жинақтау), Әділетмині, ТСМ, ИСМ, ІІМ, ҚҚА (келісім бойынша), ҰБ (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), ЭСЖКА ( келісім бойынша), ҰҚК ( келісім бойынша) | |
| 3. | "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі N 387 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Қаржымині (жинақтау), Әділетмині, ЭБЖМ | 2010 жылғы қаңтар |
| 4. | "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 26 мамырдағы N 258 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қаржыминінің бұйрығы | Қаржымині | 2010 жылғы қаңтар |
| 5. | Қаржы мониторингі субъектілерінің түрлері бойынша клиенттерді тиісінше тексеру үшін қажетті құжаттар тізбесін бекіту туралы | Қаржыминінің бұйрығы | Қаржымині (жинақтау), Әділетмині, ТСМ, ИСМ, ҚҚА (келісім бойынша), ҰБ (келісім бойынша) | 2010 жылғы қаңтар |
| 6. | Қаржы мониторингі субъектілерінің Ішкі бақылау ережесін әзірлеу, қабылдау және орындау жөніндегі талаптарды бекіту туралы | Қаржыминінің бұйрығы | Қаржымині (жинақтау), Әділетмині, ТСМ, ИСМ, ҚҚА (келісім бойынша), ҰБ (келісім бойынша) | 2010 жылғы қаңтар |
| 7. | Қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты қаржы мониторингі субъектілерінің беру ережесін бекіту туралы | Қаржыминінің бұйрығы | Қаржымині (жинақтау), Әділетмині, ТСМ, ИСМ, ҚҚА (келісім бойынша), ҰБ (келісім бойынша) | 2010 жылғы қаңтар |
| 8. | Күдікті операцияларды тоқтата тұру тәртібін бекіту туралы | Қаржыминінің бұйрығы | Қаржымині (жинақтау), Әділетмині, ТСМ, ИСМ, ҚҚА (келісім бойынша), ҰБ (келісім бойынша) | 2010 жылғы қаңтар |
| 9. | "Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының мақсаттары үшін оффшорлық аймақтар тізбесін бекіту туралы | Қаржыминінің бұйрығы | Қаржымині (жинақтау), ҚҚА (келісім бойынша) | 2010 жылғы қаңтар |

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**

ҚҚА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі

ЭСЖКА - Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі

ҰҚК - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті
БП - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы
ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
ТСМ - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі
ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК